

**2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Мағжан Жұмабаев ауданы аумағындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 126 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 сәуірде N 13-9-153 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 11 қаңтардағы N 02-06\05-07/25 хаты)

**Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 11.01.2013 N 02-06\05-07/25 хаты)**

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің статусы туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27-бабы 3-тармағына, 28-бабы 1-тармағына, 31-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы Қазақстан Республикасының он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі, шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ ер азаматтарын, сонымен қатар оқу орындарынан шығып қалған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылып, қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізудің қоса берілген кестелері 1, 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. Ауылдық және селолық округтердің әкімдері азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кезінде ауданның әскери басқармасының жергілікті органына шақырушыларды уақытында жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. «Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтарды әскери қызметке шақыру бойынша іс-шаралар шығынын аудан бюджетінің қаражаты есебінен уақытында қаржыландыруды

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

5. Аудан әкімі аппаратының басшысы шақыру өткізу уақытына жұмысқа техникалық жұмысшылар 4 кісі және қызмет көрсететін персонал 2 кісі санымен қ а б ы л д а н с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Д. Қ а б д ө ш е в к е жү к т е л с і н .

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі  
«Келісілді»

В. Бубенко

«Солтүстік Қазақстан облысының  
Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының  
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»

мемлекеттік мекемесі бастығының МУА Н. Сәрсымбаев

2012 жылғы 26 наурыздағы  
№ 126 Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің  
қаулысына 1-қосымша

## 2012 жылғы сәуір-маусымда Мағжан Жұмабаев ауданында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру КЕСТЕСІ

№ р/с	Ауылдық округтердің атауы (селолық)	саны	02 / 04	03 / 04	04/04	05/04	06/04
1	Александров	7	7				
2	Авангард	16					16
3	Бастомар	11	11				
4	Булаево	107				5	24
5	Возвышен	26		25			
6	Гаврин	7					
7	Золотонив	12			12		
8	Қарағанды	23		22			
9	Қарақоға	45			26	16	
10	Конюхов	7					
11	Лебяжье	11					
12	Майбалық	14					
13	Молодежный	11					10
14	Молодогвардия	15			12		
15	Надеждин	10				10	
16	Октябрьск	16					

17	Писарев	12	8	3		1	
18	Пролетар	8	5				
19	Полудин	23					
20	Совет	24					
21	Таман	11					
22	Успен	18				18	
23	Ұзынкөл	8					
24	Фурман	24					
25	Чистовск	20	19				
БАРЛЫҒЫ		486	50	50	50	50	50

**кестенің жалғасы**

09/ 04	10/ 04	11 / 04	12 / 04	13 / 04	19 / 04	25 / 04	02 / 05	09 / 05	16 / 05	23/ 05	30 / 05	06/ 06	13/ 06	20/ 06	27/ 06
3	14	27	27				2			3	1			1	
					1										
5											2				
													1		
	1												2		
5						2									
	10				1										
		14													
					1										
													3		
14											2				
	3														
23															
					24										
		9										2			
					7										1
	22												2		
								1							
50	50	50	27	31	3	2	2	1	-	3	5	2	8	1	1

Ескерту: шақыру комиссиясын өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы сәрсенбі сайын, жұмасына бір рет, көктемгі шақырылуда - 2012 жылдың 30 маусымына дейін.



3	14	17	27					2		3	1			1		
						1										
5											2					
														1		
	1													2		
5								2								
	10					1										
		14														
						1										
														3		
14												2				
	3															
23																
				22												
		9											2			
				7												1
	22													2		
										1						
50	50	40	27	31	2	1	2	2	1	-	3	5	2	8	1	1

Ескерту: шақыру комиссиясын өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы сәрсенбі сайын, жұмасына бір рет, күзгі шақырылуда – 2012 жылдың 30 желтоқсанына дейін.